

**Шектеу іс-шараларын тоқтату және "Тарбағатай ауданы Жетіарал ауылдық округінің " Мендеке" қыстағына шектеу іс-шарасын белгілеу туралы" Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданы Жетіарал ауылдық округі әкімінің 2015 жылғы 08 шілдедегі № 4 шешімінің күші жойылды деп тану туралы**

Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданы Жетіарал ауылдық округі әкімінің 2022 жылғы 27 тамыздағы № 15 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 5 қыркүйекте № 29398 болып тіркелді

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27–бабына, " Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-1-бабы 8) тармақшасына сәйкес және Тарбағатай ауданының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2015 жылғы 17 қыркүйектегі № 558 ұсынысы негізінде ШЕШТІМ:

1. Мүйізді ірі қара малдары құтырық ауруы ошақтарын жою бойынша кешенді ветеринариялық іс-шаралар жүргізілуіне байланысты Тарбағатай ауданының Жетіарал ауылдық округінің "Мендеке" қыстағының аумағында белгіленген шектеу іс-шаралары тоқтатылсын.

2. Тарбағатай ауданы Жетіарал ауылдық округі әкімінің 2015 жылғы 08 шілдедегі № 4 "Тарбағатай ауданы Жетіарал ауылдық округінің "Мендеке" қыстағына шектеу іс-шарасын белгілеу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4109 болып тіркелген) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. "Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданы Жетіарал ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы шешімнің Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы шешім ресми жарияланғаннан кейін Тарбағатай ауданы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

5. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

*Жетіарал ауылдық округінің әкімі*

*С. Кажиекберов*